



ШЫҒАРМА- ШЫЛЫҚТАҒЫ КӨРКЕМ ҚИЯЛ МЕН БЕЙНЕ

МРНТИ 18.31.07

Қ. Оразқұлова¹

¹ Т. Жүргенов атындағы Қазақ Ұлттық өнер
Академиясы
Алматы, Қазақстан

ШЫҒАРМАШЫЛЫҚТАҒЫ КӨРКЕМ ҚИЯЛ МЕН БЕЙНЕ

Аңдатпа

Мақаланың авторы суретшілердің шығармашылығындағы фантазия мәселесін қарастырады. Фантазияның айқын және жасырын, белсенді және селсоқ фантазиялар суретші шығармашылығын түсінуде маңызды рөл ойнайды. Шығармашылық процесте «көркем қиялдың» маңызы мен психологиялық, философиялық жақтарын көркем шығармаларға талдау жасау арқылы айқындалады. З. Фрейд, К.Г. Юнгтің психонализдік талдаулары арқылы қарастырылады. Сондықтан суретші шығармашылығына өнертанушылық, психологиялық, философиялық талдаулар қажет. Тек олардың біріге жүргізген зерттеулері, суретшілердің шығармашылық құпиясын ашуға бір қадам болса да жақындата түсері анық.

Трек сөздер: шығармашылық, сана, бейсана, фантазия, қиял, суретші, көркем образ.

Кіріспе

Шығармашылықтың құпиясы әлі күнге дейін ашыла қоймаған проблема, сондықтан да оны осы күнде де жан-жақты қарастырып, оған өнертанушылық талдаулар мен философиялық, психологиялық анализдер де жасалуда. Өнердің пайда болуы жеке шығармашылық тұлғаның әсерінен болатындықтан суретші бейнені қалай тудыратынын және оның қоғамдағы жеке

тұлға ретінде алатын орнын бейнелері арқылы талдап көрсетуге ұмтылуымыз қажет.

Платоннан Фома Аквинскийге, З. Фрейдке, К.Г. Юнге, Ортега-и-Гассетке, және т.б. дейінгі дүниежүзілік әдебиеттер байлығын құрайтын ғылыми еңбектерде, жеке суретші тұлғасы мен оның шығармашылық көркем қиялына көп көңіл бөлмегендігін айтып келеді. Шындығында, суретші шығармашылығын

зерттеушілер оның шығармашылық акт кезіндегі – дарындылық, шеберлік және т.б. проблемаларымен шектеледі. Суретшіні жеке адам ретінде оның ішкі көркем қиялынан туындайтын туындылар қандай да бір бағыттың немесе стильдің қалыптасуына әсерінің мол екені бізге өнер тарихынан белгілі. Сондықтан суретші шығармашылығындағы көркем қиялды тек жеке суретшіге ғана тән деп, оның шығармашылық акт кезіндегі көркем туындыларының пайда болуын тұйықталып қоршалып қойған процесс ретінде емес, оны суретшінің өмірін жалпы біртұтас құрайтын процесс, яғни суретшіге ғана тан суретші «көркем қиял» құпиясы деп қарау.

Көркемөнер шығармашылық табиғатын зерттеуге арналған, ерте кездегі трактаттарда, ойшылдар бұл процесстің механизмін ашып көрсете алмайтын, иррационалдылықтың бар екенін және осыған сәйкес

шығармашылық акттың өмір сүретіндігін айтқан болатын. Платон, суретші шығармашылық сәтте туындысын қалай тудыратындығы туралы өзіне-өзі жауап бермейді деген ойға келеді. «Суретші қажеттілігі мен бейімділігі шығармашылық акт кезінде өз шеңберінен шығып кетеді – бұл оның өзінің құрған әлеміндегі нағыз шын өмірі. Суретшінің шығармашылық талаптарына шексіз берілуі оның ерекше психологиялық бейнесін қалыптастырады және оның өзгеше тағдыры мен өмір жолын алдын ала анықтайды», – дейді О.А. Кривцун [1].

Суретші интенциясының әрекетінен туындайтын шығармашылық мотиві қалай болғанда да бақылауға келмейді. Мотивті бұл жағдайда қажеттілік, ояну, бейімділік, құштарлық, ұмтылыс және т.б. түсініктер арқылы суреттеп көрсетуге болады. Осыдан шығатыны,

суретші саналы мақсатпен әрекет еткенде де, шығармашылық процесстің мотиві болады. Кез-келген суретшінің интенциясы оның өзінің ішкі жағынан қандай да бір тақырыпқа, көркем айқындаушы және композициялық әдіске, сонымен қатар өзіне тән тіліне бейімділігінен көрініс табады. Интенция сананың затты көруге ерекше бағытталған мүмкіндігі, яғни суретшіде күні бұрын белгіленіп қойған нәрсенің өмір сүруі, онда суретші берілген шығарма атмосферасында бұл туындының пайда болуынан бұрын сезінеді.

Сананың интенциясы мен заттың өзінің табиғатының өлшемі арасындағы нәзік байланыс – суретшінің әрбір сәтте сананың көмегімен, сондай-ақ кенеттен пайда болатын белсенділігінің ішкі байланысын түсіндіретін механизм. Интенция шығармашылықты бастаушысы ретінде, туындының пайда болу қарсаңында өмір сүреді, ол басқа көркемөнер туынды нәтижесіне қарағанда үнемі бай және жан-жақты болады.

«Әрбір шығармашылықпен жұмыс істейтін жеке тұлға дуалды немесе бір-біріне қарама-қарсы сапалардың синтезінен тұрады. Бір жағынан, ол өзінің жеке өмірі бар адам болса, екінші жағынан, жекеге тән емес шығармашылық процесс. Адам ретінде, бұндай жеке адам көңілді немесе көңілсіз, ашулы болуы мүмкін және оның психологиясы жеке категориялармен түсіндірілуі мүмкін (тіпті қажет те). Бірақ оны, суретші ретінде түсіну үшін, тек шығармашылық жетістіктерінен ғана қарастыруымыз қажет.

Әдістер

Зерттеушілер суретшінің ішкі жан-дүниесінде бір-бірін жоққа шығарып

тұратын екі күш бар екенін айтады: бір жағынан, шығармашылық актіде шиеленіскен жағдайды әлсірету немесе жұмсартуға талпыныс болса (бұл рақаттану сезімі, ал сонан кейін іштен шығатын қажеттіліктің сөнуіне әкеледі), екінші жағынан, шиеленіскен күшті, бір ойға шоғырлануды, жаңа ортаны белсенді меңгеруін дамыта түсу күштері әрекет етеді. З. Фрейдтің сублимация теориясында осы жоғарыда айтылып кеткен бірінші күштің жиынтығы кең ауқымда талқыланып, еңбектерінде көрініс тапқан. Бірақ егер жай адам үшін ішкі шиеленісті әлсірету жан тыныштығына алып келсе, суретші үшін керісінше іске асқан нәтиже өзінің соңынан жаңа күштің көтерілуін және жаңа шиеленісті қажет етеді. Екінші күштер жиынтығығы

туралы ойлар А. Бертоланфи, Ш. Бюлер еңбектерінде көрініс тапқан. Осыған ұқсас ойларды Г. Гессе де айтты: «Суретшінің жолы – үздіксіз өзінен-өзі және бас пайдасынан бас тарту болса, тоғышарлар үшін – өзін-өзі сақтап қалу».

Нәтижелер

Біз бұл жерде сана және сананың ар жағында жатқан нәрселердің бар екенін де естен шығармайық. Сана әдетте – түйсіну мен сыртқы қоршаған дүниеге бейімделудің жетістігі. «... сыртқы тәжірибеге ешқандай сәйкес келмейтін бейне, сананың арғы жағында орналасқан «ішкі жақтан» шығады, тіпті ол бес сезім мүшесіне реттегіш қызмет атқаратын сананың арғы жағында орналасып, ішке қарай бағытталған. Сананың арғы жағы абсолютты бос жатқан орын емес, егер санаға сыртқы орта іштен қалай әсер етсе, солай сыртқы дүние де оған алдынан да, сыртынан да әсер етеді. Демек, біз «сыртқы» сәйкестігі табыла бермейтін

көркемөнер элементтерінің «ішкі» көзі бар...» [2].

Объектісіз өнер өз мазмұнын «ішкі жақтан» алады. Бұл «ішкі жақ» санаға тең келмейді, өйткені санада объектілердің образы біз оларды қалай көрсек сол қалпында сақталады, және ол образдардың бейнесі біздің күткенімізге сәйкес болып шығады.

К.Г. Юнгтің айтуынша, көркемөнерге тән психология жекеліктен гөрі, ұжымдық пікірге ие. Өнер жеке адамды өзіне бағындырған және оны өзінің құралына айналдырған туа біткен жүйе болып табылады. Суретші өз мақсатын көздеген «ерікті» жеке тұлға бола алмайды, бірақ ол өнерге өз мақсаттарын жүзеге асыруға мүмкіндік беретін тұлға. Адам ретіндегі тіршілік иесінің еркі мен жеке мақсаттары болуы мүмкін, ал суретші ретінде, ол өте жоғары мағынадағы «адам» – ол «ұжымдық адам», адамзат өмірінің бейсаналық психикасын жасаушысы мен қозғаушысы. Бұл оның қоғамдық бет-пердесі, әрине оны алып жүру кейде өте қиынға түседі, суретшінің кәдімгі жай адамның өмірінің мәнін құрайтын, қарапайым нәрселердің бәрінен бас тартып, тіпті өз бақытын да құрбан етуіне де тура келеді.

К.Г. Юнг айтқандай ұжымдық бейсана мазмұны ешқашан санада болмағанымен қатар, «олар ешқашан жеке адамның индивидуалды жетістігінен туындамайды, бірақ олардың пайда болуына тұқым қуалаушылық қана әсер етеді». Юнгтің пікірінше, бір ұжым адамдарына ортақ психиканың терең бөлігі бар, оның ұжымдық, әмбебап және жекеге тән емес (безличный) табиғаты бар. Психиканың бұл бөлігі инстинктпен тығыз байланысты. Ұжымдық бейсана жеке индивидтің рухани өмірінің негізі болатын ру (тайпа) өмірінің нәтижесі. Юнг ұжымдық бейсананы матрицамен,

саңырауқұлақтың ұрық тұқымымен (саңырауқұлақ – индивидтің жаны), таудың жер деңгейінен төмен су астындағы бөлігімен немесе айсбергпен салыстырады. Төмендеген сайын оның негізі кеңейе түседі. Жалпыдан – отбасы, ру, тайпа, ұлт, нәсіл, яғни бүкіл адамзаттан-адамға дейінгі арғы ата-бабалар мұрасына түсеміз. Біздің тәніміз сияқты психика да эволюцияның нәтижесі. Психикада өмірдің қайталанып отыратын жағдайларына типтік реакциялар бекітіліп сақталып қалған. Инстинкт автоматты реакциялардың рөлін атқарады.

Дискуссия

Осыларды ескеретін болсақ, суретші өзіне тән күнделкті өмір тіршілігі мен мінез құлқы және ерекше көркем қиялы қалыптасқан жеке тұлға, сондықтан суретші феноменін зерттеп қарастыру психолог, философ және өнертанушы үшін ерекше психологиялық тип ретінде актуалды.

Өнер адамдарын зерттеу тек шығармашылыққа ғана күшті импульс беріп қоймайды, сонымен қатар ол бейсаналықтан жоғары тереңнен көтерілген өнер адамдарына тән мінезді шығарады. Суретші психикасындағы туылмаған шығарма – бұл табиғи күш, ол адам тағдырына тіптен селқостық көрсетіп, тирандық күштілікпен, сондай-ақ табиғаттың ерекше икемділігінен шығады және ол үшін адам тек әдіс–тәсіл болып саналады. Егер де біз шығармашылық процессті адам психикасындағы имплантталған тірі жан ретінде қарастырсақ қателеспейміз деп ойлаймыз. Аналитикалық психология тілінде бұл тіршілік автономды комплекс болып табылады. Бұл бөлектенген психиканың бөлігі, сана иерархиясынан тыс өз тіршілігімен өмір сүреді.

Жердің сөлімен қоректеніп жоғарыға ұмтылған ағашқа ұқсас суретші бойында жасауға, тудыруға деген қажеттілік өмір сүреді және дамып отырады. Ал осы қажеттілік қиял, елес, армандау сияқты процесстердің көмегімен шығармашылық актіде жүзеге асады.

Психологияға арналған еңбектерде қиялға мынадай анықтама беріледі: «Қиял (фантазия) – заттар мен құбылыстардың субъективті образдарын қайтадан жаңғыртып, өңдеп бейнелеуде көрінетін тек адамға ғана тән психологиялық процесс. Бұрын қабылданған нәрселерді қайтадан өңдеп, образ жасауда көрінетін психикалық процесс қиял деп аталады» [3].

Ал қазақ тілінің түсіндірме сөздігінде «Қиял – өзіндік жаңа образдар, жаңа туындылар жасаудағы тереңнен топшылайтын ой көзі; фантазия» деп беріледі [4].

Көркем Образдар көркем қиялдың елестеуінен туындайтын заттардың «алғашқы бейнесі», яғни субъективті еріктің негізінде «жасалған» деп қарастырсақ, сонда онда заттың өзіне ешқандай да қатысы жоқ «априорлы» заттар, бізге не береді? Дегенмен осы соңғысы біздің сезім мүшемізге әсер етеді және өмір сүру үшін, олардың әрекетіне адекватты жауап беруі керек. Ерік-елестетудің мүмкіндігі, бір қарағанда ол «заттың өзіне» ешқандай адекватты емес, бірақ өте фантастикалы бейнеленуі мүмкін. Бұл тек-бір қарағанда. Көркем қиял мен елестің шығармашылықты тудыруға бейімділігі көркем образдарды тудырады. Бұндағы көркем образдар адам қиялында пайда болған формалар немесе бейнелер десек, бұндағы көркем бейне қоршаған орта шындықтың немесе шындық болмыс көшірмесі емес, ол – «алғашқы образ». Табиғи, ерікті синтез негізінде

пайда болған заттар бейнесі, бұл «заттың өзіне-өзі» адекватты келмейді. Бұдан шығатыны, көркем қиял арқылы пайда болған бейнелер идеальды болуы мүмкін, бірақ ол шынайы бейне болып өмір сүре алмайды. Демек «жалпы мәнді» бұл идеалды бейне

эмпирикалық тіл әдіс-тәсілімен оның «символды» бейнеленуі нәтижесінде бекітіледі [5].

Қиял елесі, адам фантазиясы ойлау мен елестету кезінде ешқашан да шындықты, болмысты, бүтіндей қабылдамайтын психикалық әрекет. Қиял шындық болмыс моделінің көрінісіне, образға және сезімге негізделген, дегенмен оны ойлаумен біріктіретін, жанама түрдегі ерекшелік пен жалпы танымдыққа ие. Шындықтың бейнесін басқаша өзгертуге бейімділік процесі қиялға тән. Қиялдың негізгі функциясы – әлі пайда болмаған шығарманы және оны шын мәнінде қалай іске асырып, қол жеткізетінін дәл көз алдына елестете алу. Жаңалықтар ашу, жаңа жолдар табу, адамға кезіккен қиындықтардан жол тауып шығуға деген бейімділік осымен байланысты. Жаңалық ашуға жеткізетін болжам мен интуиция қиял елессіз мүмкін емес.

Шығармашылықтағы қиял елесі, суреттеу мен бейнелеуінде бұрын соңды қабылданбаған образдар бейнесін жасау болып табылады. Шығармашылық қиял техника мен ғылымда және көркемөнерде ерекше жеке жаңа образдар жасаудан тұрады. Шығармашылық қиялдың ерекше түрі-болашақтың образын жасау, яғни арман [6].

Юнгтің түсінігінде қиял екі түрлі құбылысты қамтиды: біріншіден, фантазма, екіншіден, елестету (елес, қиял) әрекеті (воображающая деятельность). Юнгтің түсінігінде қиял (фантазма мағынасында) көз алдына елестету (представление) комплексі

болып табылады. Оның басқа осындай комплекстен айырмашылығы оған ешқандай сыртқы объективті шындық сәйкес келмейді.

Күнделікті психология тәжірибесінде қиял көптеген жағдайларда «сақ, қырағы» интуиция нұсқауының салдарынан, немесе бейсана мазмұндардың санаға күшпен басып кіруінен туындайды. Зерттеушілер белсенді (активный) және белсенді емес (пассивный) қиял түрлерін бөліп көрсетеді. Белсенді қиял алдын-ала және қосақталған интуитивтік нұсқауларсыз бейсана мазмұнды түйсінуге бағытталған сілтеме-нұсқаулардан туындайды.

Белсенді емес қиял санаға қарама-қарсы бейсанада болып жатқан қандайда бір процесстің негізінде пайда болады. Көбінесе белсенді емес қиял бейнормал, қалыпсыз рухтың көрінісі болса, ал белсенді қиял адамзат рухының ең жоғарғы көрінісіне жатады. Өйткені онда субъектінің саналы және бейсаналы жағы бірігіп ортақ бір шығармада көрініс табады.

Қиялда да түс көру сияқты айқын және жасырын мағынаны бөліп қарастыру қажет. Бұл жерде «ұйқыдағы» қиял мен «сергек» қиялдың әсері де бар. Өйткені «ұйқыдағы» қиялға ұйқыдағы сананың әлсіз қарсыласуына қарсы тұру үшін ерекше энергияның қажеті жоқ болса, «сергек» қиял саналы нұсқаулардың тежейтін қарсыласуларын жеңіп шығу үшін едәуір энергия қажет. Бейсана қарама-қайшылық санаға дейін жету үшін, ол өте маңызды болуы керек. Ал ол егер маңызды болмаса, яғни түсініксіз және астарлы тұспалмен берілсе ол ешқашанда есті жаулап алуға, яғни саналы мазмұнның байланысын бұзып шығуға күші болмас еді. Сондықтан бейсана мазмұн айқын мағынада көрініс табатын берік ішкі байланысқа бағынышты.

Айқын мағына көрнекі және нақты процесте көрініс табады, бірақ соңғысы өзінің объективті шынайы еместігінің салдарынан, сананы қанағаттандыра алмайды. Сондықтан қиял түсінігінің басқа мәні, яғни, жасырын мағынасы іздестіріледі. Бірақ кейбір зерттеушілер қиялдың жасырын мағынасының барлығына күмән келтіреді.

К.Г. Юнг пікірінше әрбір пайда болған ірі шығармашылық туынды, қашанда ұжымдық бейсанада жатқан және өзі жеке суретші шығармашылығы арқылы көрінетін қуатты күштің әсерімен байланысты. Сондықтан көркем шығармашылық туынды жеке персоналды өзгешелікке күш түсіруден тұрмайды, яғни спецификалық көркемөнер спихологиясы ұжымдық болып келеді. Шығармашылық құндылық оның ішкі терең жалпыға ортақ рухын бейнелеп көрсету.

Қай заманда болса да суретшінің талантын замандастары бағалайды, немесе уақыт өткеннен кейін ғана өзінің бағасына ие болды. Иә болмаса сыншылар суретшілердің бейнесіне баға беруде өз түйсінулерінен талдау жасап, жалпы қоғамдағы пікірді қалыптастырды. Қазіргі кездегі Қазақстандағы көркемөнерге деген көзқарасты Б. Ибраевтің мына сөздерімен түйіндеуге болады: «...бізді толғандыратын нәрсе – қандай да бір алдыңғы қатарлы, сенімді және қияли идеяны шығару, яғни ол дүниежүзілік кеңістікте ешбір аналогы жоқ, ешнәрсеге тең келмейтін, маңызды және тек қана Қазақстан белгісі ретінде танылуы қажет. Бұл міндетті түрде біздің ойлап тапқанымыз, яғни ол осы кезеңдегі әлемдік мәдениетке біздің қосқан қомақты үлесіміз болатындай және осыған үйрену үшін әлемнің түкпір-түкпірінен суретшілер бізге келетіндей болуы керек» [7].

Қазақстанның халық суретшісі Гүлфайруз Исмаилованың мына сөздері суретшінің жұмбақ жан екенін дәлелдей түсетіндей: «Әр адамның өмірі – жазылмаған бір-бір дастан. Әр жүректің түбінде бір-бір сырсандық құлыптаулы жатады. Кілтін таппасаң аша алмайсың. Ал суретші адамға жүректің кілтін таба білу аса таптырмайтын қымбат қасиет. Онсыз қылқаламың жүрмейді. Кейіпкеріңнің жан дүниесіне терең бойлай алмасаң, толыққанды образ жасай алмайсың. Картинаның бетінен адамның мінез-құлқы, қас-қабағындағы әрбір қатпары көрініс тауып тұрмаса оның несі сурет?» [8] Бірақ кескіндемеші Гүлфайруз өз ойларында картинаның көрерменге әсері қалай болады деген тұрғыдан қарастырса, біз суретшіні сурет салу процесінде қандай ойлар қинайды, қандай қиялдар мен елестер әсер етеді деген мәселелерге көңіл аударғымыз келеді.

Өкінішке орай Қазақстан суретшілерінің шығармашылығындағы көркем қиял мәселесіне әлі көп көңіл бөліне қойылмаған тақырыптардың бірі. Десек те, суретшілердің бейнелеріне берілген талдаулар арқылы суретшінің жұмыс барысындағы жай-күйін аңғаруға тырысып көрейік. Мысалы, Серғазы Байжанұлының қылқаламынан туған көркем дүниелердің «көңілді селт еткізер, көзді арбап алар бір сиқыры бар» [9]. Осы суретшінің «Сағыныш» бейнесіне берген талдауында Т. Ахметжан былай дейді: «Суретші сарғыш бояуды шебер пайдаланудың арқысында әйелдің сарғайған сағынышын өте нәзік кестелей білген. ...Әйел алысқа үздіге қарайды. Кімді

күтіп тұр екен? Соғыстан қайтпай қалған жан-жарын әлі күтумен жүрген мұңлық па? Әлде алыста қалған ата-жұртын бір көруге зар боп жүрген

шерменде ме? Картинаның өн бойынан сағыныштың мұңлы әуені ескендей әсерге бөленесіз». Біз бұл сағыныш суретшінің сағынышы, оның сол сәтте жан-дүниесінде болып жатқан жалғыздық пен өкініштің (өтіп бара жатқан өмірге), болашақтың айқынсыздығын, сонымен қатар үміттің бар екенін, бір сәт болса да табиғаттың тылсым тыныштығы мен жан дүниесінің үйлесім тапқандығын көрсетуі деп те айта алармыз.

Қорытынды

Шығармашылық туындылар қоршаған

ортаның әсерінен және еркін көркем қиялдан пайда болып туылатын өзіне ғана тән туынды болғандықтан, онда суретшінің өз қиял әлемінен интенциясы арқылы пайда болған қолтаңбасы қалыптасады.

Қазақстандық суретшілердің шығармашылығын талдау барысында көбінесе оларды ұлттық-мәдени, сана-сезім, тұрмыс-салт рәсімдері, халықтың дүниетанымы арқылы түсіндіру басымдылық алған. Осыған қоса суретшінің жеке тұлға екенін, шығармашылық акт кезіндегі қиялы, психикалық күйін ескеру де сырт қалмаса екен дейміз.

Пайдаланылған әдебиеттер тізімі:

1. Кривцун О. А. Эстетика / М.: Аспект-пресс, 2001. – 447 б.
2. Юнг К. Г. Психология бессознательного / М.: Канон, 2001. – 400 с.
3. Жарықбаев Қ., Психология негіздері: оқулық / Қ.Б. Жарықбаев. – Алматы: Эверо, 2005. – 462 б.
4. Қазақ тілінің түсіндірмелі сөздігі. 6 том / Алматы: Қазақ ССР-нің «Ғылым» баспасы, 1982. – 624 б.
5. Бородай Ю. М. Воображение и теория познания / М.: Высш. школа, 1966. – 150 с.
6. Философский словарь. М.: Одиссей, 1996. – 608 с.
7. Актуально об актуальном. Сборник статей казахстанских искусствоведов. Алматы: АИК, 2000. – 176 с.
8. Исмаилова Г. Алтын алтын емес, адамның қолы алтын: ҚР халық суретшісі Г. Исмаиловамен сұхбат // Жұлдыздар отбасы. – №5. – 2008. – 8-13 бб.
9. Ахметжан Т., Сезімтал С. Суретші Серғазы Байжұмаұлы туралы // Парасат. – №11. – 2001. – 17 б.
10. Юнг К. Г. Бог и бессознательное. М.: Олимп, 1998. – 480 с.

К. Оразкулова

*Казахская Национальная Академия искусств им. Т. Жургенова,
Алматы, Казахстан*

ХУДОЖЕСТВЕННАЯ ФАНТАЗИЯ И ОБРАЗ В ТВОРЧЕСТВЕ

Аннотация

Автор статьи рассматривает проблему фантазии в творчестве художников. Явный и скрытый смысл фантазии, как и активная и пассивная фантазия, играют важную роль в понимании творчества художника. Анализ творческого произведения художников-авторов раскрывает психологическую и философскую суть «творческой фантазии» в творческом процессе. «Творческая фантазия» как художественные образы в художественных произведениях анализируется через психоаналитические методы З. Фрейда, К.-Г. Юнга. Поэтому важно обращать внимание искусствоведов, психологов, философов на анализ художественного произведения. Только совместная их работа, возможно, позволит сделать еще один шаг к раскрытию тайны творчества.

Ключевые слова: творчество, сознание, бессознательное, фантазия, воображение, художник, художественный образ.

K. Orazkulova

*T. Zhurgenov Kazakh National Academy of arts,
Almaty, Kazakhstan*

FANTASY ART AND IMAGE IN THE CREATIVE WORK

Abstract

The author considers the problem of imagination in the work of the artists. Explicit and latent senses of fantasy, as well as active and passive imagination play an important role in the knowledge of the artist's work. Analysis of the creative works of artists reveal the psychological and philosophical essence of the "creative imagination" in the creative process. "Creative imagination" as the artistic images in the works of art analyzed by psychoanalytical methods of S. Freud and C.-G. Jung. It is therefore important for art critics, psychologists, philosophers to pay attention to the analysis of an artwork. Only joint work can possibly allow them to take another step to disclosing the secrets of creativity.

Keywords: creativity, consciousness, unconscious, fantasy, imagination, artist, artistic image.

Сведения об авторе: Оразкулова Қ. С. — кандидат философских наук, профессор кафедры «История и теория изобразительного искусства» Казахской Национальной Академии искусств им. Т. Жүргенова.
e-mail: orazkulova_k@inbox.ru

Автор туралы мәлімет: Оразқұлова Қ.С. — философия ғылымдарының кандидаты, Т. Жүргенов атындағы Қазақ Ұлттық өнер Академиясы, «Бейнелеу өнерінің тарихы мен теориясы» кафедрасы профессоры.
e-mail: orazkulova_k@ inbox.ru

Author's data: K.S. Orazkulova— Candidate of Philological sciences, associate professor of the History and Theory of Fine Arts department at the T. Zhurgenov Kazakh National Academy of Arts.
e-mail: orazkulova_k@ inbox.ru